TÜRKPA
PARLIAMENTARY ASSEMBLY OF TURKIC STATES

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОН БІРІНШІ ОТЫРЫС
ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында еңбек көші-қонының жағдайларын жеңілдету (ұлттық заңнамаларды жақындастыру)

ҰСЫНЫМДАР

Адам құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты барлық әмбебап конвенцияларды ***есепке ала отырып***,

Аталмыш құжаттардың негізгі қағидаттарына, стандарттарына және мақсаттарына және ең жақсы енгізілген тәжірибелерге ***сілтеме жасай отырып***,

Еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелері жұмысының маңыздылығын ***мойындай отырып***,

Мигранттардың қабылдаушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мигранттардың жұмысын ***оң бағалай отырып***,

Көші-қон елдегі кедейлік мәселелерін шешудің үлгісі бола алмайтынын және мемлекеттің экономикалық дамуының элементі бола алмайтынын ***ескере отырып***,

Қабылдаушы елдердің демографиялық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып және олардың экономикалық өміріне ықпал ететіндей көші-қонның маңыздылығын ***түсіне отырып***;

Миллиондаған адамдарды қамтитын және халықаралық қауымдастықта көптеген мемлекеттерге әсер ететін көші-қон құбылысының маңыздылығы мен ауқымын ***түсіне отырып***,

Еңбекші мигранттың құқықтары ешбір жерде жеткілікті дәрежеде танылмағанын, сондықтан тиісті халықаралық қорғауды қажет ететінін ***біле отырып***,

Кейбір мемлекеттердің еңбек мигранттарының құқықтарын қорғау бойынша өңірлік және/немесе екіжақты негізде жасаған күш-жігері мен қол жеткізген жетістіктерін, сондай-ақ осы салалардағы екіжақты және көпжақты келісімдердің маңыздылығы мен пайдалылығын ***мойындай отырып***,

Көптеген елдерде мигранттар қауымы әлеуметтік қауіпсіздіктің күшеюіне әкелуі мүмкін ксенофобияға, нәсілшілдікке, кемсітушілікке, этникалық және діни өшпенділікке ұшырайтынын ***ескере отырып***,

Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығындағы ілгерілеушілікті ***есепке ала отырып***,

<u>ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттерге мынаны ұсынады:</u>

- еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық шеңберінде қажетті заңнаманы жүзеге асыру;
- ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасында жұмысшылар мен жұмыс берушілердің бірыңғай дерекқоры бар бірлескен жұмыспен қамту орталығын құру бойынша жұмыс жүргізу;
- болашақ дивидендтерін алу үшін мигранттардың қаражатын игерумен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне бағдарламаларды әзірлеу және қолайлы жағдай жасау;
- еңбек мигранттары мен олардың отбасыларын, әсіресе көші-қонның жағымсыз тәжірибесіне тап болған әйелдер мен балаларды репатриациялау және тұрақты реинтеграциялау бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- еңбек көші-қон процестерін реттеу саласындағы жаңа тәсілдерді зерделеу, еларалық тәжірибе мен заңнаманы қолдану бойынша ақпарат алмасу;
- қолданыстағы екіжақты келісімдердің негізінде ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер үшін еңбек мигранттарын әлеуметтік қамсыздандыру

және зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі көпжақты келісімді әзірлеу;

- еңбек мигранттары үшін зейнетақылық сақтандыруды енгізуге жеңілдететін стандарттаумен қатар білімі, ғылыми дәрежелері туралы құжаттарды тану бойынша бірыңғай заңнамалық базаны әзірлеу;
- АТТ салаларында жоғары білікті кадрларды одан әрі жұмысқа орналастыру үшін цифрлық көшпенділер үшін IT-визалар жүйесін жетілдіру;
- елдің білім беру және кәсіби саласына өз үлестерін қосуы үшін ең өнегелі шетелдік студенттерге елде өмір сүру мен оқуы үшін қалуды ұсына отырып, білім беру көші-қоны мәселесін қарастыру;
- шетелде еңбек мигранттарының құқықтарын қорғау үшін қабылдаушы елдердің тиісті министрліктерінің өкілдіктерін ашу және елшіліктер мен дипломатиялық өкілдіктерге еңбек мигранттарының мәселелері жөніндегі арнайы атташе қызметкерін беру;
- мүше мемлекеттерде тәртіпті және қауіпсіз көші-қонды қамтамасыз ету мақсатында еңбек нарығына заңсыз қол жеткізудің алдын алу бойынша ынтымақтастық орнату;
- заңсыз көші-қонның алдын алу және анықталған заңсыз мигранттарды депортациялау бойынша ынтымақтастық орнату;
- мүмкіндігінше барлық мүше мемлекеттерді тарта отырып, осы құжатта көзделген ынтымақтастық туралы көпжақты келісімдер жасасу арқылы жүзеге асыру;
- көші-қон қауымдастықтары бетпе-бет келетін нәсілшілдікке, кемсітушілікке, ксенофобияға және исламофобияға қарсы күрес туралы жаһандық хабардарлықты арттыру мақсатында ынтымақтастықты нығайту;
- ТҮРКПА бақылаушы мүшелері парламенттерінің осы тұрғыда өткізілетін іс-шаралар мен отырыстарға тиісті қатысуын қамтамасыз ету.